

Күлайхан РАХМЕТ

# Еркелет мені...



поэзия



Поэзия 

Қытайхан  
РАХИМ



Еркелет  
МЕҢІ...

Алматы – 2018

ӘОЖ 821.512.122-1  
КБЖ 84 (5Қаз)-5  
Р24

**Р24 Кұлайхан Рахмет /«Еркелет мені»** – Алматы,  
2018. - 112 бет.

ISBN 978-601-06-5319-1


Бұл кітапта акын өмірдің сан алуан сәттерінен сыр түйіп, нені болса да адамшылық махаббатпен жырлайды. Сөз сикырын адамдар арасындағы қарым-қатынастың мейірімге толы болуына жұмсауды мұрат тұтады. Кітапты оқысаңыз, қалтарысы, бұлтарысы көп өмірдің адам сезімімен астасқан түрлі бояуына, акын жанының ажарма сырларына куә боласыз. Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.

565482

ӘОЖ 821.512.122-1  
КБЖ 84 (5Қаз)-5

ISBN 978-601-06-5319-1

© Кұлайхан Рахмет., 2018



## АЛҒЫ СӨЗ

**Б**іздің ғасырымызда заттық дүниеге інкәрлық салтанат құрып тұр. Адамзат баласын ақшалық арпалыстың толқыны қақпақыл етуде. Рухани құндылықтарға деген махаббат әлсіреуде. Өлең-жырмен өмір кешетін, өмірін өлең-жырмен өрнектейтін халқымыз бұл күнде күнкөріс қамымен әрі-сәрі күй кешуде. Бұл жағдайлар адам баласының бір-біріне деген мейірім, махаббатын тонауда. Заттық дүние мен рухани дүние құстың қос қанаты іспетті. Біреуінсіз адамзат сыңар канат құстай қалықтай алмай, жер бауырлап қалады. Бұл барлығымызға түсінікті жағдай. Сонымен, шындық солай екен, енді не істеу керек? Жүрек асқазаннан біржолата жеңіліп тынды ма? Жоға, жүрек жеңілмек емес. Оған айғақ – рухани құндылықтар үшін ғұмыр кешіп жүрген жандар. Сондай жандардың бірі – Күлайхан Рахмет. Күлайханның «Еркелет мені...» атты жыр кітабынан автордың өзіндік ұстанымын аңғарасың. Күлайхан ата-анаға, туған жерге, туған елге, Отанға болсын, барлық қуаныш-мұңын, махаббат сезімдерін биік адамшылықпен, шынайы күйініш, сүйінішпен жеткізеді. «Еркелет мені, жан аға» деген өлеңінде:

*Шаршадым, тірліктен мынау шаршадым,*

*Өмірді қайтем көңілге қаяу салса мұң.*

*Еркелет мені, басымнан сипап, аяла,*

*Қатал өмірде мейірімді гана аңсадым...* – дейді. Қазір жоғарыда айтқанымыздай рухани құндылықтар әлсіреген, адамзат баласы қатыгезденген тұста, жаны қажығанын жасырып, өтірік өрлікке бармай, ағасына «еркелет мені» деп

шын көңіл күйінен хабар береді. Поэзияның жаны – шынайылық.

*Тағы бір өлеңінде ақын:*

*Болмау үшін қауымға кетекелі*

*Шақырамын, ұғайық берекені.*

*Атың ортақ, асың бір болса егер,*

*Бірлігіңе тірлікте не жетеді?* – деген ой-тұжырым жасайды. Кұлайханның жан дүниесі мейірімге толы. Ол жоғарыдағы шумакта ұрыс бар жерде, ырыс болмайтынын ескертеді. Берекелі ауылдың баласы ғана берекеге шақырады. Кұлайханның жырларын оқып отырып, қормал қазыналы қарты бар елдің қызы екеніне көз жеткізесің.

*Әсем саз шалып құлағым,*

*Әнімен құстың тұрамын.*

*Атам да шығар ақ үйден,*

*Қолына ұстап құманын,* – деген жыр жолдары ойларымыздың теріс еместігін дәлелдей түседі. Көз алдымызға иман жүзді, қарапайым қарттарымыз келеді. Автордың жырларындағы адамшылық сезімнің бастауы – ұлттық тәрбиенің қайнар көзі қазақы ауылда жатқанын білеміз. Кұлайханның махаббат жырларынан бірер шумак оқи кетейік.

*Серігім жалғыз өлең боп,*

*Жүремін ессіз елеңдеп.*

*Боз атты көрсем қараймын,*

*Төлегендей боп келер деп,* – бұл шумак автордың ұлттық болмысқа, қазақы тәрбиеге тамыр тартқаны жайлы ойларымызды одан ары айқындай түседі.

## *ЕРКЕЛЕТ МЕНІ...*

---

*Жаным менің,  
Махаббатым, гашығым,  
Өмірімді қастерлеген асылым,  
Өзіңменен шабыттандым, тасыдым.*

Біз «Еркелет мені» деген акынның бақытты күйін көреміз. Қашанда адамшылықтан ажырамаған адам бақытсыз болған емес!

Сөз соңында айтарымыз, қазақ қызын еркелетіп өсірген. «Еркелет мені...» деген қызымызды еркелетіп жүрейік! Еліңе еркелегенге, еліннің еркелеткеніне не жетсін? Күлайхан, жырда бағың жансын!

*Мұратхан ШОҚАН  
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,  
Алматы қаласы Жастар саясатын дамыту  
мемлекеттік қоры аясындағы  
«Әдебиет әлемі» орталығының жетекшісі*

## ЖІБЕКПІН

*Серігім жалғыз өлең боп,  
Жүремін ессіз елеңдеп.  
Боз атты көрсем қараймын,  
Төлегендей боп келер деп.*

*Қос оба күтіп жатпасын,  
Бір алла өзі сақтасын.  
Арманымыздың ақ құсына,  
Бекежандар жебе атпасын.*

*Ғашықсыз өмір не керек,  
Ғұмырын кешпей көбетек.  
Бақытын берсін баянды,  
Достарым жырлар Шеге боп.*

*Келсеңші, жаным, жүдетпей,  
Жүрегім жүдеу дір етпей.  
Өзіңді ойлап сарылдым,  
Жолыңды күтіп Жібектей.*



**АУЫЛҒА БАРЫП ҚАЙТАЙЫҚ**

*Ауасы балдай тазарған,  
Ауылда өткен жаз арман.  
Тіршілік сені оятар,  
Несібеңді ал деп азаннан.*

*Далада төлдер маңырап,  
Жатасың жайлы балбырап.  
Көзіңді ашсаң көрінер,  
Көк аспан менен шаңырақ.*

*Әсем саз шатып құлағым,  
Әнімен құстың тұрамын.  
Атам да шығар ақ үйден,  
Қолына ұстап құманын.*

*Күн нұрын төксе шуағын,  
Қуалап шыңға мұнарын.  
Жеңешем отқа шай қояр,  
Суынан тастай тұманың.*

*Ұнайды ауыл саған да,  
Ақ пейіл дарқан далам да.  
Айдап сап жылқы өріске,  
Жорғасын мінген ағам да.*



*Әкем де сонда қарасын,  
Көзімен шолып даласын.  
Ақ жаулығы желбіреп,  
Жармасын жайған анашым.*

*Ауылдың таңы ағарған,  
Тіршілік сонда жаңарған.  
Тамаша ауыл тірлігі,  
Өшпейді мәңгі санамнан.*

*Ауылға барып қайтайық,  
Сағынышымызды сарқайық.  
Бәріне көзбен күз боп,  
Ағайындарға айтайық!  
Ауылға барып қайтайық!!!*



**ЖАРАЛЫ ЖАНЫМ...**

*Жаралы жаным, тірлігім мұңты беймәлім,  
Қайғыдан мынау запыран жұтқан ойларым.  
Жылаудан басқа бермедің менің еншімді,  
Шіркін-ай, тағдыр, сұмырай болдың тоймадың.*

*Қатыгез тағдыр тепкілей бердің сыртыңа,  
Көндірдің, әттең, көнбеймін дегем ырқыңа.  
Болмаса әкем отырса еді-ау қарайып,  
Жетпеді гұмыры анашымның қырқына.*

*Сұм ажал деген жүрекке түскен жасындай,  
Торлады бұлты түнектің мынау ашылмай.  
Бірі де болмай асқар тау, айдын көлімнің,  
Қара бұлт жауды, нөсерлеп тұрды басылмай.*

*Айтамын әке көз жасыммен таңға мұң,  
Ақ сүтіңнен анашым қуат алғамын.  
Өкініште оқумен жүріп бара алмай,  
Ең соңғы рет анамды көрмей қалғаным.*

*Сағыныштан ана сарсаң болған балаңмын,  
Душпін едің әке «мен өзіңнен алаңмын».  
Тас молаңда жата бер енді алаңсыз,  
Жылап жүріп жолымды мен де табарын.*

*Айналып келіп қабірлеріңе құлаймын,  
Көкіректен сорғалап қаным жылаймын,  
Панасыз тұрған төрт тамына қалдырып,  
Неге сонша сорлатты екен құдайым.*

*Омалтып ойға зар жылап ана отырам,  
Көңілге мұңды, көзіме жасты толтырам.  
Жаныңыз ана жәннәтта болсын, әкешім,  
Құраным осы сіздерге арнап оқыған.*



**АНАШЫМА**

*Ана жоқ деп кім айтар менде бүгін,  
Мәңгі бірге өзіңмен кенже қызың.  
Ақ жол тілеп тұрады аруағың,  
Арқалап жүргенімде пенде жүгін.*

*Сағыныштың сарғайған сатып әнін,  
Тірліктен мен де бір күн жалығармын,  
Мені күтіп жата тұр жұмағыңда,  
Түбінде бір болады жолығар күн.*

*Баяғыдай сонда ана мені құшып,  
Жылайсың-ау қалған соң сағынысып,  
...Отырамыз ана мен бала болып,  
Бальзамынан бақыттың балын ішіп.*

*Асықпа ана жаным жетуім шын,  
Жалғастырып өмір-өлім екі ұшын,  
Пенделікті пейілмен атқарайын,  
Ада етіп парызымды кету үшін...*

## **ЕШКІМГЕ ДЕ ҰҚСАМАЙМЫН**

*Сірә да, мұқатта алмас жанымды мұң,  
Өзгешемін, қайтпайтын жатындымын.  
Ертеңіме қараймын сенімменен,  
Білемін өзгешелеу таңым бүгін...*

*Дара шабыт сыйлаған теңіз жырым,  
Басқаларға ұқсамайды менің күнім.  
Елден өзге мен болам парқымды біл,  
Сондықтан да өзгеше менің мұңым.*

*Кербезденіп бататын кешім бөтен,  
Өмірді өзгеше етіп кешірсем...  
Мен барыма жаным-ау сенбей-ақ қой,  
Дөңгелек дүниенің төсінде сен.*

*Ешкімге де ұқсамай бөлек өстім,  
Тағдырменен тайсалмай ерегестім.  
Мен өзім боп қаламын өзгермеймін,  
Біреудің көшірмесі мен емеспін!*



**ӘКЕШІМ СЕНІ ІЗДЕП...**

*Жүрегімнің ауырып сыздағаны,  
Мекендеп қалған жандай қу даланы.  
Табиғатта тәрік етіп кеткен сірә,  
Күн күлмейді жай ғана сызданады.*

*Сен кеткелі әкешім таулар маған,  
Назарын да бір сәтке аудармаған.  
Өзіңе еріп басатын тастардағы,  
Шегетіндей шеге боп айбар маған.*

*Дәл өзіңдей өмірде қормал қайда?  
Өзің жоқсың баяғы сол маңдарда.  
Қасқыр ұлып жататын қара жондар,  
Түкситеді қабағын мен барғанда.*

*Даламның ала кеттің дарқандығын,  
Болмайды қара қоста қалқан бүгін.  
Маңдайымнан сен сүйген туған жерде,  
Әкешім, сені іздеп шаршап жүрмін...*

## **КӨКТЕМНІҢ КҮНІ СЕКІЛДІ**

*Жаныңмен жаулап еркімді,  
Сені іздеп көңіл желпінді.  
Телефон соғып тұрушы ең,  
Қалт жібермей әр күнді.*

*«Игілік ісі кеш емес»,  
Деуші едің жолдап sms.  
Айтқанның бәрін жөн көріп,  
Бастамаушы едің бос егес.*

*Сезімнің ашып есігін  
Көңілде тұрды есімің.  
Әзілдеп бір сөз айтсаң да,  
Сұраушы едің зой кешірім.*

*Деуші едің өтсе ғасыр шын,  
Мен үшін жалғыз асылсың.  
Бәрін де қойып бұл күнде,  
Хабарсыз жым-жырт жатырсың.*

*Қай жаққа бұрдың бетіңді,  
Ұмытып соңғы сертіңді.  
Күлімдеп тұрып қар жауған,  
Көктемнің күні секілді.*

**БІЛМЕЙ ҚАЛУ МІН ЕМЕС**

*Бағынбас басқа жүрегім,  
Емес қой менің еркімде.  
Сүйетініңді де білемін,  
Сезбей жүр соны дейсің бе?*

*Сүйгендігім үшін де,  
Себепсіз сенімен ұрысам.  
Бір қулық бар ішімде,  
Сездірмеуге тырысам.*

*Жақса да сөзің жаныма,  
Қаламын жиі өкпелеп.  
Айтса екен деп тағы да,  
Алысқа жаным кетпе деп.*

*Жасырып солай қалауын,  
Саламын сені азапқа.  
Емін де өзім табамын,  
Шығарам өзім азатқа.*

*Біліп тұрып білмей қалу,  
Қыздар үшін мін емес.  
Сүйіп тұрып «сүймей қалу»,  
Ал мен үшін кінә емес.*



## КІНӘЛІ ЕМЕСПІЗ

*Жым-жырт,  
Құлазып жатғыз жатырмын,  
Қанишама таңды,  
Осылай ояу атырдым.  
Білмеймін бәрін,  
Түсіне де алман бірақ та,  
Хабарсыз болдың бір апта.  
Сағынған сені бір таңым,  
күнімен бірдей ғасырдың.*

*Не үшін!?  
Еш себепсіз жоғалдың?  
Мен де үнсізбін,  
Кінәлі болар оған кім?  
Хабарсыз жүрмін мен дағы  
Тұмасын деп бөтен ой,  
Мені ойлап жүрген шығарсың?  
Сағынған мен де болармын!*

*Хабарсызсың,  
Кінәламаймын бұл үшін,  
Тіршілікте,  
Ғұмырдың сен де құтысың.  
Түсінемін ғой, сенің де  
Қарбалас шығар жұмысың?  
Бітпеген болар бір ісің...  
Кінәлі емеспіз сол үшін.*

ӨКІНІШ

*Арманыммен тұрғанда аттанғалы,  
Жұлдыз сөне қоймаған аспанда әлі.  
Іздеп келіп сен сонда кідіріп ең,  
Өз жаныңа мені де ап қалғалы.*

*Амал не? Мен кетуге бекігенмін,  
Әреңге сөз бастадың кетіп өңің.  
«Кетесің бе?..» дейсің де күрсінесің...  
Мұңлы көзбен мен саған тесілемін.*

*Осылайша ...  
Армандаған аттанды құсың жырақ,  
Дей алмастан өзіңе түсін, бірақ,  
Үнсіз ғана қош айттым қол ұсынып,  
Бара жатты менің де ішім жылап.*

*Жаныңнан кеттім солай жеңіл басып,  
Жүрегіңді сездім де сенің ғашық.  
Сол сөзді сен айтпауға үлгірмеген,  
Айта алмадым, өкініш, өзім де ашып.*

*Ісі қайда мұндайда ақылдының?  
Қайда кеткен білмедім батылдығым.  
«Сүйем» десем менімен кетер ме едің?  
Біргемін деп біткенше ақырғы үнім!*

*Кетпеші деп жалынған от жанарың,  
Таба алмай өтініштің басқа амалын.  
«Қалмайсың ба?..» дейсің гой кібіртіктеп,  
Бұза алмадым ұяңдықтың тас қамалын.*

*Жүректе,  
Сақталды да осындай өтінішің,  
Өзі тауып орнады бекінісін.  
Болса дағы тірлікте талай онық,  
Естен кетпес бұл менің өкінішім!*



**БЕКЕР КӨРГЕН ЕКЕНМІН**

*Қайдан, қайдан?  
Қайдан маған жолықтың,  
Өзегінде өмір деген жорықтың.  
Тұрағымды таптағандай торықтым,  
Жанарыңда жасырын сыр соны ұқтым.*

*Неге, неге?  
Неге сені көріпін,  
Жанарымды сүріндірген көріктім.  
Сезіміме сенімді беріпін,  
Қиялдадым, қылығыңа еліттім.*

*О, тәуба!  
Таң қаламын, таңдарымда аунаған,  
Түс көремін дәл өзіңнен аумаған.  
Мені саған байлаған,  
Тытсым күшке таңданам.*

*Бекер – бекер...  
Бекер көрген екенмін,  
Армандаумен енді өзіңді өтермін.  
Кездеспеген өзіңмен,  
Күндеріме өкіндім,  
Адаспауға өзіңнен,  
Өкіндім де бекіндім,  
Айналайын көзіңнен,  
Құлагердей кекілдім!!!*

## **КӨЛДІҢ ЕРКЕ ҚҰСЫНДАЙ...**

*Ойландырган сәтінде оңаша мұң,  
Қалыма кеп бақ құсым қона салдың.  
Жаныңменен жібердің жалындатып,  
Татайына батырып тамашаның.*

*Атырғанда тірліктің нұрлы таңын,  
Маған аштың көңілдің гүл құшағын.  
Адастырма тәңірім енді бізді,  
Сыңарыңдай өмірлік бірге ұшамын.*

*Мұзын ертіп шыңдардың қырбақ басын,  
Тұрақ қылдық махаббат гүл бақшасын.  
Сен екеуіміз шырқаған ғашық әнді,  
Гүл тербеліп қайыңдар тыңдап қалсын.*

*Көзін сүзіп қараса жұлдызды аспан,  
Қызғанды ма бұлақтар сыбырласқан?  
Айдынында өмірдің тербелеміз,  
Көлдің ерке құсындай құп жарасқан.*



**ЕЛЕСІҢДІ КҮЗЕТЕМ**

*Жеткізбейтін адамға арман қанша,  
Елесімен сезімнің арбалғанша.  
Жылдар бойы сағынып жыр жазбас ем,  
Сүйгені жүрегімнің жалған болса.*

*Қият сүрген сезімнің құлы екенмін,  
Есі кеткен ғашықтың бірі екенмін.  
Көңілімнің көгінде жалғыз есім,  
Дәлеліндей ғашықтық шын екенін.*

*Армандаумен өткізіп неше жылды,  
Ой татғамым түйінін шеше білді.  
Бақытты едім сен мені есіңе алып,  
Сезе алсаң саған ғашық екенімді.*

*Елесіңді күзеттім есімдегі,  
Тұлымды ұл, туған жердің төсіндегі.  
Өмір кетсе өзгертіп шешімімді,  
Естен шықса есімің кешір мені..!*

*Күтіп жүрмін көктем емес күз екен,  
Көңіліңде жылуы жоқ мұз екем.  
Ұстатпайтын сағымдардан құралған,  
Ерке өмірде елесіңді күзетем.*

## ӨКПЕЛЕМЕ

*Жалғыздықтың қиынын сезіп күнде,  
Қиялыңды торладым кезіктім де.  
Қайдан біздер жолықтық түсінбедім,  
Күйге түстім алмайтын төзіп мүлде.*

*Қабыл болмай қатаулы тек тілегің,  
Жатыр жылап білемін ет жүрегің.  
Мен де сендей халдемін, өкпелеме...  
Қайтеміз тағдыр солай деп білемін.*

*Таба алмай келемін бір амалын,  
Дәл осылай тәңірден сұрамадым.  
Жалыныңды жаныңа серік етші,  
Көрмейін ер жігіттің жылағанын.*

*Азаматым,  
Жанарыңды қайтесің шыққа малып,  
Жігеріңді құм қылма жоққа налып.  
Сені де алда бір бақыт тосып тұр-ау,  
Қайтесің бос сезімге ноқтананып.*



**МЕН КЕТЕМІН**

*Жалғыздықпен жағаласып кетемін,  
Ата жауы сияқтымын мен оның.*

*Жақындасам жақтырмайды білемін,  
Таба алмадым татулықтың бір емін.*

*Және барам жақын тартып күлемін,  
Ол тұрады: өзгертпестен реңін.*

*Мен тағы да мейірленіп күлемін,  
Ол сайысқа дайындайды білегін.*

*Қойшы деймін, құлазытып қояды,  
Кешірілмес күнәм бардай баяғы.*

*Осылайша отаса алмай кетемін,  
Бұл мінезге енді қанша көнемін?*

*Қаталдықтың қаталдық қып төлемін,  
Мен кетемін, одан ірге бөлемін.*

*Алыстаймын оған солай «хош» деймін,  
Мен де оны бұдан кейін кешпеймін.  
Мен кетемін!*



**«САҒЫНДЫҢ БА?» ДЕЙСІҢ ҒОЙ**

*«Сағындың ба?» дейсің ғой сен де маған,  
Жатынам, бар, жаныма келме маған.  
Сағынышым сен емес, мендегі арман.  
(Жастық дейтін сол анау елде қалған.)*

*Жүрегіме сол бір жан орнап алған,  
Қиятымды сол елес торлап алған.  
Енді әуре мен үшін болма қарғам,  
Жолаушыдай боларсың жолда қалған.*

*Ғұмыр кешкен мен дағы жолаушымын,  
Тұтқынымын сезімдей «тонаушының».  
Қашқын болып сүрдекте жол таба алмай,  
Сорабымен келемін сонау күннің.*

*Адасқандар қаншама біз секілді,  
Алды жар, арты түпсіз құз секілді.  
Болашаққа болжал ғып не істеймін,  
Қиялыммен күн кештім шын секілді.*

*...Осылай да, осылай сұрағаның,  
«Сағындың ба?» демеші, сұранамын.  
Қиялыммен қиянда кездесетін,  
Менің де бар сағынатын бір адамым.*

## ТОСАМЫН СЕНІ

*Тосамын сені тағатсыз күндер өтсе де,  
Қыс өтіп талай, жадырап көктем жетсе де.  
Тосуға сені жазылған менің тағдырым,  
Тәңірдің сыйы өзгерте де алмас ештеңе.*

*Тосамын сені келерсің өзің бір күні,  
Сыйларсың гүл ғып қуаныш пенен күлкіні.  
Көңілге түскен сансыз сызат бар ...  
Сен келген күні жамалар көңіл жыртығы.*

*Тосамын сені қиындық емес, ол да аса,  
Бәрі жалған, шынайы сезім болмаса.  
Тосу дегеннің өзі де өмір емес пе...  
Ағарып шашым, жүзімді әжім торласа.*

*Тосамын сені өмірде мынау мәңгілік,  
Сағынам сені атқанда жаңа таң күліп,  
Тұрақтылық – махаббаттағы формула,  
Бұл мен үшін өзгермейтұғын заңдылық!*



## **ЕРКЕЛЕТ МЕНІ, ЖАН АҒА**

*Шаршадым, тірліктен мынау шаршадым,  
Өмірді қайтем көңілге қаяу салса мұң.  
Еркелет мені, басымнан сипап аяла,  
Қатал өмірде мейірімді ғана аңсадым.*

*Көңілде қаяу жабырқаулымын бұл күнде,  
Бәрі де жатқан, өтірік менің күлкім де,  
Еркелет мені, бауырыңа басып, жан аға,  
Жабырқаулы жанымды сезбей жүрсің бе?*

*Сағыныш бар кеудемді менің кернеген,  
Көкірегімді кеміргіш құрттай кеулеген.  
Еркелет мені, мойныңа барып асылсам,  
Бір сәтке болсын атысқа кетсін шер менен.*

*Үмітім алда, тәңірдің бар ғой берері,  
Өзіңе аға, еркелей бергім келеді.  
Еркелет мені, қажеті қанша басқаның,  
Мейірім аға, мейірім ғой маған керегі.*

*Мейірімсіз тірлікте ешбір қызық жоқ,  
Қатал өмірде қажыған менің күнім көп.  
Еркелет аға, әкемнің көзі өзіңде,  
Жан анамдай құшағың маған қызулы от.*

**ҮЛІҢГІРДІҢ БОЙЫНДА**

*Жым-жырт кештің саматына желтініп,  
Сыңғырымен Үліңгірдің серпіліп.  
Екеуіміз отырған сәт оңаша,  
Бүкіл әлем сыйлағандай кеңшілік.*

*Жұлдыз күліп, қарағанда ай таңдана,  
Атын сәтке күәгердей ай ғана.  
Үліңгірге телміреміз тең тұрып,  
Тынық өзен жым-жырт мынау айнала.*

*Құлақ түрдік сыңғырына бұлақтың,  
Қиятымды құшағыңа құлаттым.  
Жанарларға телміреміз тесіліп,  
Отырамыз құрсауында сұрақтың.*

*Төбемізде мөлдір аспан пердесі,  
Желбіреген боз талдардың жейдесі.  
Разы едік мәңгі ұйықтап кетуге,  
Сыр шертіскен екеуіміз жерде осы.*



## МАХАББАТҚА

*Көкірегіме көк бүршік жыр егілген,  
Өлмейтұғын сезіміммен, жүрегіммен.  
Мәңгі өзіңді қастерлеймін асылым,  
Өзіңді сүйіп өтем білемін мен.*

*Тіршілікте тірлігімнің мәнісің,  
Жаратқансың махаббаттың әні үшін.  
Жүректерде сезімдер бар өлмейтін,  
Біздер үшін махаббат бар әлі шын.*

*Сынбасын деп тіршіліктің тірегі,  
Соғар бірге сезімдердің жүрегі.  
«Ғашықтық тілі – тілсіз тіл», гашығың,  
Жан сырыңды жанарыңнан біледі.*

*Айырмасын тағдыр бізді сенімнен,  
Бірге жүріп бақыт кешсек өмірден,  
Менің барлық қуанышым, шаттығым,  
Ләззат алам сенің нұрлы көзіңнен.*

*Сайрандайық самал кештің арайын,  
Тірлігіңде жұлдызың боп жанайын.  
Тұла бойың тұғыры ма мерейдің?  
Сенсіз шаттық қайдан іздеп табайын?*

*Жарым өзің – махаббатым, мәрмәрім,  
Үміт жібін өмірге өзің жалғадың.  
Басқа бақыт керек емес, байлығың,  
Тек өзіңмен бірге болу – арманым!*



## БЕЙМАЗА ТҮН

*Беймаза мынау, беймаза мынау бейуақ түн,  
Жырына гашық, жырына құмар бейбақтың.  
Атар таңдарда басамын қанша белдерді,  
Білмеймін және кештерде қанша белді астым?*

*Беймаза түнде белгісіз сәуле жарығын,  
Есіме салған сүреңсіз сәттің сарығын.  
Қасыма келген үміттің өшкін елесін,  
Қараңғы түнде қапыда қалмай таныдым.*

*Көкіректі кернеп көңілдегі сан ұғым,  
Өшірмек болған өткен күннің тағы ізін.  
...Қайтерімді білмей қайрылып едім соңыма,  
Құлағыма жаңғырды сонда бағзы үн.*

*Даусы деймін жаңғырған маған бабамның,  
Игере біл дейді өмірдің өткен сабағын,  
Жанарыңнан өшірме дейді жатынды,  
Қаратаудай қажырлы бол деп қарағым.*

*Тарихтың жаттап жартастағы аңызын,  
Тауларға еттім басымды иіп тағзым.  
Беймаза түнде белгісіз осы елестер,  
Жырыма сыйлап жатады ылғи азығын.*

**КЕЛМЕСЕ ҚОЙСЫН**

*Келмеді әлі, келмесе қойсын, келмесе,  
Шаршадым мен де күтуді қойдым ендеше.  
Төзім дегенің түбі бар нәрсе емес пе,  
Жаратқан мен де жан емеспін ғой өзгеше.*

*Келмеді ме, келмесе қойсын, келмесе,  
Амалым бар ма, сезімді төзім жеңбесе.  
Перілерше келіп, періште болу мүмкін бе?  
Тәңірім өзі жаратқан болса пендеше.*

*Келмеді бірақ, келмесе қойсын, келмесе,  
Тілегім жалғыз киелі жалын сөнбесе.  
Кезбе өмірде кері қайтар жайың бар,  
Серт беріп несін сергелдең болдың сен кеше?*

*Келмеді рас, келмесе қойсын, келмесе,  
Адат ар менен пәктігіне сезім сенбесе.  
Тұрақсыз жандар тұралап қатар жалғанда,  
Күту дегеннің өзі де бақыт ендеше.*





## **КҮРСІНБЕ ЖАНЫМ, КҮРСІНБЕ**

*Жауып тұр міне,  
Жауып тұр міне қар мұнда.  
Елесті іздеп,  
Біз басқан жерге бардың ба?  
Сәтінде сонау,  
Уақыт қатал алдаған.  
Ақырын ғана,  
Атушы ең сонда қар маған.  
Мен өзіңе,  
Пәк қардай бақыт арнағам.  
Ұладай қардан аумаған,  
Жаныңа жайсаң таң қалам.  
Айнымас асыл сезіммен,  
Айтушы ең маған арнап ән.  
Тұра деп біліп,  
Талғамыңды таңдаған.  
Сертінен айтқан таймаған,  
Сезімшіл жансың сен деген.  
Сезімге кімдер ермеген,  
Амандық тілеп Алладан,  
Сағынып жетсе салған ән.  
Мен елеспін бұл күнде,  
Арманды таңға жалғаған.  
Екеуімізді де алдаған,  
Тағдырға мен де таң қалам.  
Сағынып сен де жүрсің бе?  
Көшінде өмір тарғалаң.  
Күрсінбе жаным, күрсінбе!  
Тар боп жүрсе де бар ғалам.*

### БАЛА ЖІГІТ

*Қиялымды бір өзің жүрсің байлап,  
Мен мұңайсам мұңайды, күрсінді аймақ.  
Тек өзіңді көремін түсімде ылғи,  
Бала жігіт, әр таңда жүрсің бе ойлап.*

*Қол бұлғайсың жырақтан күліп маған,  
Қол созамын жетпейді тынып қалам.  
Қиялымды қытықтап мазамды алған,  
Сағыныштан болармын жыр ұштаған.*

*Әр таңыма жетектеп барады үміт,  
Тәтті ұйқымды ұрлаған бала жігіт.  
Жыр жазумен атырсам мен таңымды,  
Ұйықтамайтын шығарсың алағызып.*



## **КҮДІКПЕН НЕГЕ ҚАРАДЫМ<sup>1</sup>**

*Көз алдымда қадалған қанжар жанарың,  
Көңілімде түйілген қыран қабағың.  
Әр сөзіңе күдікпен сонда қараушы ем,  
Үнсіз кетуші ең жауапсыз қалып талабың.*

*Білмеймін мен күдікпен неге қарадым,  
Өзіңді ессіз көптің бірі деп санадым.  
Ауызын тырнап отырмын, енді бәрі елес  
Бұл күнде «сағыныш» дейтін жараның.*

*Өзіме өзім өкінішпенен таңданам,  
Қай сайтан еді сол сәтте мені арбаған.  
Бақыттың құсы басыма келіп қонғанда,  
Баянды өмірдің бағына неге бармағам.*

*Елесіңменен үмітті таңға жалғаған,  
Құлазыған күндерім мынау оңбаған.  
Сенемін деген бір ауыз гана сөзімді,  
Айтып қалуға түсімде көрсем қамданам.*

*От сезімге тұра алар дейсің төтеп кім,  
Елесіңді көріп есімді жиып селт еттім.  
Жанып жүрген арасында жайым бұл,  
Сағыныш пенен өкініш деген екі оттың.*

*Білемін бәрін өзімде кінә екенін,  
Сенемін бұл күндердің де өтерін.  
Уақыт атты ақ жеңгем келіп жұбатар,  
Сезімге еріп сергелдең болу не теңім.*



## ШЫН СҮЙГЕНДЕР ҚОСЫЛМАЙДЫ

*Шерлімін деп шеріңді төге көрме,  
Бекежандар жолыңды бөгегенде.  
Өмірімен жалғаған нәзік мұңын,  
Жібек те ғашық болған Төлегенге.*

*Ғаламат бар ғашықта білемісің,  
Ажырамас айқасқан білегі шын.  
Құрбан етіп өзінің қыз ғұмырын,  
Құлап өлген арман қыз Тілек үшін.*

*Мойындамас теңдік барын әлемде,  
Ғашықтыққа шындықтар бар дәлетге.  
Зұлым қолдың қанжарына қадалтып,  
Сапша мен бірге өлген Сәмен де.*

*Ару мүсін болса дағы аяр кім,  
Махаббатқа қашан дағы таяу мұң.  
Нәлет айтқан заманына зарлана,  
Тағдыры бар Қозы Көрпеш, Баянның.*

*Қашан дағы қатыгездің желі өктем,  
Іздесең де тарихи деректен.  
Іңкәрлықтың ұясында мастанып,  
Қауыштаған Еңлік те Кебекпен.*

*Тиек болған гашық жайлы толғауға,  
Іңкәр көңіл зарығына тойған ба?  
Естай ақын қартайғанша қайратсыз,  
Ету бір жыл гашық болған Қорланға.*

*Болса дағы көңілі пәк жаны ізгі,  
Тәңіріне қаниама жан табынды.  
Тәлкегіне айландырған тағы да,  
Қалқа мен табыстырмай Мамырды.*

*Міне осылай гашықтардың өмірі,  
Мәңгілікке қартаймаған көңілі.  
Өмірдегі ұтылардың ішінде,  
Деп білемін махаббатты ең ұты.*

*Махаббатқа мастанам ба, сенем бе?  
О, махаббат, жаса мәңгі, сен өлме.  
Ғашық жайлы мойындаймын жыр жазып,  
Шын гашықтар қосылмайды дегенге.*



## **ОРТАСЫНДА ҚОС АҒАМНЫҢ**

*(түс)*

*Білем қазір осалмын, атасамын,  
Биігіне заңғардың таласамын.  
Еріп жүріп сағымның жетегінде,  
Түс көріптің түнінде қарашаның...*

*Зәулім сарай ішінде төбесі аспан,  
Жарығындай жұлдыздың жерге шашқан.  
Бар халықты ұйытып ұтпа жырға,  
Екі ақын жүр еліне даңқы дастан.*

*Тәтті жырға құндақталып құлақтары,  
Қиял құсын мінгендей бірақ бәрі.  
Өлең дейтін ұты бір қарияның,  
Егіз ұты Ерлан мен Мұратханы.*

*Тілін өткір аямай кезеп өлең,  
Жыр түлкісін асырмай кезеңінен.  
Жыр оқыды екі ақын осы кеште,  
Қасқайып халық алдында кезегімен.*

*Мен де отырмын көп елдің арасында,  
Дәрменім жоқ қиялдан ары асуға.  
Таныды ма шақырды қастарына,  
Шыға бердім шаттанып атасұра.*

Дейді ағалар аңғартып білетінін:  
«Нағыз қыран құтқармас ілетінін».  
Ортасында осылай екі ағамның,  
Мен де өзімше жігермен жыр оқыдым.

Елге өздерін өлеңмен таныстырды,  
Ел көгінде екі жұлдыз жанып тұрды.  
Көп тұрдық қоштаса алмай кеш соңында,  
Қия алмай біз халықты, халық бізді.

Ұмытқандай бар тірлік қасіретін,  
Тұлғалармен танысып заты бөтен.  
Қимай тұрып қиналып ояныптын,  
Түс көріп өз бөлмемде жатыр екем.





## КӨРШІ БАЛА

*Шын бақытын тірлігім таба алар ма?  
Сабылысқан сан ой бар саналарда.  
Маған қатты ұнайтын бірақ сонда,  
Көрші аулада тұратын қара бала.*

*Бір барғанбыз бірінші сыныпқа да,  
Сәби қиял ол сәтте тұнық қана.  
Мектептен бірге қайтып келетінбіз,  
Қос ана қарсы алатын күліп қана.*

*Екеуіміз де ерекше тентек едік,  
Кенжесі боп екі үйдің еркеледік.  
Арманымыз тым шексіз қиыр алып,  
Аспандағы айды алып берсе дедік.*

*Көңілде кір болмайтын санада шық,  
Ойнайтын ек ақсүйек ала қашып.  
Жыл артынан жыл өтіп осылайша,  
Сырлас болып өскен ек араласып.*

*Мен бой жетіп, бұл күнде сен ер жеттің,  
Сері гүлін сезімнің сенен күттім.  
Аулақ кетіп балалық базарынан,  
Есім кете сен жаққа елеңдептің.*

## *ЕРКЕЛЕМ МЕНІ...*

---

*Тауысқандай бұл күнде төзім еркін,  
Кезім бұл ұйқым қашып көз ілетін.  
Көріні аулада тұрса да үйлеріміз,  
Көңіліме тым алыс сезілетін.*

*Сата көрме жүрекке қойшы жара,  
Сенің дағы тілегің сол шығар, ә.  
Өмірге де көріні болып еркелейік,  
Қиялымды торлаған көріні бала!*



## СОЛ БІР ЕЛЕС

*Сол бір елес, сол бір сезім өшпеген,  
Келем осы өмір атты көште мен.  
Көңілімде сенің ғана мүсінің,  
Сені жырлап, сені ғана ескерем.*

*Қинайтын да, қимайтын да жанымды,  
Сол бір елес құалаймын сағымды.  
Кештерменен қоштасып ап тағы да,  
Сол етеспен қарсы аламын таңымды.*

*Басқа тірлік бәрі-бәрі құрысын,  
Содан басқа жоқ-ау, сірә, жұмысым.  
Сол жайында қуанышым, мұңым да,  
Кеңіп кейде тарылса да тынысым.*

*Мұрса да жоқ басқаларды жоқтайтын,  
Түрі де жоқ онсыз тағы тоқтайтын.  
Сол бір елес, сол бір бейне болмаса,  
Секілді зой жүрегімде соқпайтын...*

**БАҚЫТ ДЕГЕН, СІРӘ, НЕ...**

*Бақытты дейді біреуді,  
Ал менде бақыт болған ба?  
Келемін ылғи қиялмен,  
Сенемін дағы болжамға.*

*Білмеймін бақыт, сірә, не...  
Жеткізбей жүрген арман ба?  
Іздеймін, күдер үзбеймін,  
Жатықпай мынау жалғанда.*

*Елес пе екен ол дағы,  
Сағымдардан жаралған.  
Сәулесін көрсем болғаны,  
Бақыттың таңын ағарған.*

*Нағыз бақыт білмеймін,  
Біле алмаймын сірә да.  
Ол жайлы менің білерім,  
Шанақты ғана сұрама.*

## ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫЗЫМЫН

Ұтым жайлы ойлар кешем ояу түн,  
Ұшқыр қиял қағар шыңға қанатын.  
Әз халқымның қасиетін қастерлеп,  
Сақтап келген бұзбай өтсем ар атын.

Сайрандаған сан ғасырлық санатың,  
Талмаса екен талпыныстан қанатың.  
Ары, жаны, қаны таза қазаққа,  
Жер мен көктің сыйлаған ба жәннәтін.

Тұғыр қылып таудың берген биігін,  
Ақша бұлтпен теңесіп тұр иығың.  
Атынменен сырлас болып жұлығың,  
Таңдайына тарту еткен тұнығын.

Дәл осындай ұрнағы мен ұлының,  
Жүлгесімін таусылмайтын жырының.  
Өн бойыма даламнан қасиет жинаған,  
Қарапайым қазақтың бір қызымын.



**ӨЛЕҢ ҚҰШЫП ӨТЕЙІН...**

*Өлең құшып өтейін өмірден мен,  
Сонда өмірде көсіліп көңілденем.  
Сан майдан сапарында сайыстардан,  
Сарбаздайын қайтайын жеңілмеген.*

*Өлең десе желтініп жеңілденем,  
Поэзияға құштармын сезім менен.  
Өлең сүйген ақынның ғұмырын бер,  
Екі елде өлеңнен бөлінбеген.*

*Теңелейін жырыммен теңімменен,  
Теңесейін өлеңмен теңізбенен.  
Онсыз тірлік жоқ маған жырсыз өмір,  
Әуел баста өзіңмен егіз денем.*

*Мен өмірден жалын жыр сені іздегем,  
Ақын ба, шіркін өлең дегізбеген.  
Тілерім тірлігімде жалғыз бақыт,  
Өлең құшып өтейін өмірден мен.*

## БЕЙТАНЫС БІР ЖІГІТТІҢ

*(Ең соңғы рет)*

*Ғашық болдым қаниама жыл шын сүйдім,  
Өзіңменен өткізуге ғұмырымды құлшындым.  
Бәрі өтті, бәрі басқа жолымыз да екеу боп,  
Осылайша өзгерерін кім ойлаған шіркіннің.*

*Қызығы да, бақыты да басқа болды бүгіннің,  
Маған деген сезіміңнен біржолата түңілдім.  
Бекер ғана ардақтаптын өкінішті-ақ, мен сені,  
Не айтамын..., бейтаныс бір бейне үшін жүгірдің.*

*Бұйырардай бүліндің басқа жаннан бақ саған,  
Құпиясын жанымның түсінбейсің сақтаған.  
Мен жайында ойланба, ойға да алма сен енді,  
Жырларымды мен ұмытам өзің жайлы жаттаған.*

*Ең соңғы рет Алладан саған бақыт сұрадым,  
Ең соңғы рет ойландым, ең соңғы рет сынадым.  
Өз бақытым басқамен, мен де кеттім осылай,  
Бейтаныс бір жігіттің құшағына құладым...*



**АДАМДАР-АЙ, ӘТТЕҢ**

*Күндермен күнде ерегесіп жүрмін,  
Түндермен жайсыз төбелесіп жүрмін.*

*Тазарта алмай көңілді кірлеген,  
Өткеріп келем өмірді кімдермен.*

*Арандап кіршіксіз арына сенген,  
Бейбастақ өскен арсыздар жеңген.*

*Түсінбеймін осы тірлігімде мен,  
Өткізіп жүрмін күнді кімдермен.*

*Танысам кіммен... таңдарда тағы,  
Жайсыздық жайттар жанға батады.*

*Үміт арта алмаймын сеніп ертеңге,  
Не болып жатыр менің өлкемде?*

*Бетіме әрқашан өтірік күлген,  
Кездесем екі беткей кеуітерде кіммен?*

*Қойшы әйтеуір, адамдар – ай, әттең,  
Тең болып кеткен жақының жатпен.*

*Құлың болып келіп құлдық ұрайын,  
Адастыра көрме бізді құдайым.*




## ЖАНЫМ МЕНІҢ

*Жаным менің,  
Жанымдасың әрқашан,  
Көре аламын аңсасам,  
Жараспай ма осындайда ән сатсам.*

*Жаным менің,  
Бақытым деп білемін,  
Соғады ылғи өзің деген жүрегім,  
Өзің барсың уайымсыз жүремін.*

*Жаным менің,  
Махаббатым, ғашығым,  
Өмірімді қастерлеген асылым,  
Өзіңменен шабыттандым, тасыдым.*



### **МҰҢ САЛМАШЫ**

*Мұң сала көрме сен менің жүрегіме,  
Тым көңілсіз тірлікте жүремін бе.  
Өзің жоқсың жанымды жадыратар,  
Жылайын ба, білмеймін күлейін бе?*

*Мұң салмашы сен менің өзегіме,  
Өркештенген өмірдің өзенінде.  
Басқа қайғым жетеді, басқа мұңым,  
Білмеймін енді мұңға төземін бе...*

*Мұң салмашы сен мынау қабағыма,  
Жас моншаағы кетпесін тамағыма.  
Сен менің аспандағы жұлдызымсың,  
Мені сен шолтаныңа санадың ба?*

*Өтінерім өмірімде тек мұң салмашы,  
Тірлік деген осы екен күнде алдамшы.  
Мұң моншаағын көрсетпей жанарымнан,  
Сордың жасын сүрте біл бір тал тамшы.*

## МЕНИҢ ЖЫРЫМ

*Менің жырым,  
Туындаған жалынынан гашиқтың,  
Қауышуға сол бір жанға асықтым.  
Бір көруге келгенінде кейде мен,  
Бірақ, бірақ алдында оның жасықпын.*

*Менің жырым,  
Іңкәр болған жүрегіне біреудің,  
Не қиялға батамын жетегінде бір ойдың.  
Басымды иіп ілтипатпен күлемін,  
Келмейді оған шыр түкіріп шіренгім.*

*Менің жырым,  
Сызылмаған суреті гой сол жанның,  
Мен сен жайлы қаниама күн ойландым.  
Қажеті жоқ, жырды сүйсең болғаны,  
Алтын-күміс, биік мансап олжаңның.*



## ТҮСІНУІҢ МҮМКІН БЕ

*Кім түсінген?*

*Мендегі арман-мұратты,*

*Кім шешеді көңілдегі күңгірт сұрақты.*

*Сырт көздерге ойсыз-мұңсыз жүретін,*

*Көрінемін ойламыз жсан сияқты.*

*Жүрегім өрт, тұлғасы аман бойымның,*

*Астары бар астаң-кестең ойымның,*

*Ессіздердің көзін жұмып сілтеген,*

*Аман кетем,*

*Арбауынан алып-қашпа сойылдың,*

*Аиқың келсе көкіректің кенішін,*

*Тас қамалды алғанмен тең сен үшін,*

*Ешкімге де шаққызбаймын есігін,*

*Оны қорғау; оны сақтау – борышым.*

*Мен солаймын, түсінугің мүмкін бе?*

*Арамзаның айтасы асқан бұл күнде.*

*Адал тірлік арнасымен тоғысып,*

*Түсінісу...оңай болмас кім-кімге...*

## НАҒЫЗ ҚАЗАҚ

*Шырқын бұзып қиялым марғау түннің,  
Арман тауға асықтым алмай тыным.  
Ұлы жыр – өлеңнің өлмейтін құаты мен,  
Мұңын шертсем аянбай бар халқымның.*

*Атқарар ақын халық қызметін,  
Маздатып тіршіліктің қызыл отын.  
Қазақпыз ғой қара өлең қанға сіңген,  
Түсінер өлең сөздің құдыретін.*

*Табынамын қара өлең піріме тым,  
Жырсыз туған қазақтың тілі жетім.  
Тілден найза суырып, жырдан қылыш,  
Жықнастан ардың туын жүгіретін.*

*Күмбірлі күй, сазды әнге елеңдеген,  
Саусағынан күй төгіп бебеулеген.  
Ежелден-ақ қазақты қазақ демей,  
Нағыз қазақ - домбыра, өлең деген.*



**ДОСЫМА**

*Білемін досым жайыңның қалай екенін,  
Көңілді жүргін, мұңаю деген не теңің.  
Сендегі нәзік сезімге селкеу түсті ме...  
Жырақтау жүріп көңіліңдегі сетерің.*

*Шыда, білесің бұл күндердің де өтерін,  
Қасыңнан ұзап мен ертең тағы кетемін.  
Ақ тілегім сендермен бірге құрбым-ау,  
Жаныңның әр кез жақсы хабарын күтемін.*

*Тағдырдың оқыс таяғы тисе сілтеген,  
Көзімнің жасын мұндайда мен де іркер ем.  
Ашылар сәттің болары айғақ емес пе,  
Ойлашы өзің, күнді бұлт қанша бұркеген?*

*Өмір деген ауған бұлт іспетті емес пе,  
Сенемін саған шығарсың жеңіп егесте.  
Сабырдың түбі сары алтын дейді досым-ау,  
Сабыртысың, желіп ете көрме жел ессе.*

## СОЛАР БАҚЫТТЫ

*Жұлдызына телміріп көк аспанның,  
Болашаққа болжал ғып бал ашнадым.  
Тұспа-тұс тұратын екі жатақхана,  
Қанишатық атыс оны санаспадым.*

*Ешбір жанды болса да елемеген,  
Сезім жаңбыр мұндайда себелеген.  
Екі гашық тұратын түн болғанда,  
Күнделікті сырласып терезеден.*

*Әңгіме ғып айтатын әлденені,  
Қиянға ұшқан қиялы сай келеді.  
Кейде үнсіз қалатын ол да мәлім,  
Жанымды ұғып жанардан ал дегені.*

*Қоңілдері сондайда жсай табатын,  
Екеуара бір сөзді айта алатын.  
Айлы түннің астында сырын ашқан,  
Соларды бақытты деп айтам айқын.*



**КҮТЕМІН СЕНІ ОСЫНДА**

*Құл болып жүріп тұрмысқа,  
Тірлігің де өтер тым қысқа.  
Осындай келте ғұмырда,  
Кездесу саған қылмыс па?*

*Менсіз өмірде сірә да,  
Жаныңның сырын ұға ма.  
Жанымның жайып пәктігін,  
Сырласу сенімен кінә ма?*

*Бойымда барда бір ағын,  
Естімес еш елді құлағым.  
Бәрібір уәдем беретін,  
Кездесіп сенімен тұрамын.*

*Таусылмас өмір ғашық ән,  
Күнде көруге асығам.  
Күттірмей келсең тағы да,  
Мойныңа сенің асылам.*

*Сағынсаң сен ізде тосылма,  
Кірішіксіз өмір болсын ба.  
Именбей елден тағы да,  
Күтемін сені осында...*



## МАҒАН МАЗА БЕРМЕЙ

*Айдың атпақ сәулесінің астында,  
Сені ойлаумен беріледі бас мұңға,  
Мені іздеп күтіп қалған шығар деп,  
Сыртқа үңілдім тереземді аштым да.*

*Сезімім шын алдамайды сезесің,  
Бағындырып баянсыз тірлік белесін.  
Жел тербеген жапырақтар ырғалса,  
Көз алдымда көлбеңдейді елесің.*

*Аспандағы айға тағы қарадым,  
Тағат таппай сезімге еріп барамын.  
Ер мүсінің жарасымды тұлғаң мен,  
Маған маза бермей қойды-ау қарағым.*



**БАҚИДА ДА СҮЙЕМ МЕН**

*Ант етем махаббат, ар алдында,  
Сүйгеніме тым шексіз ғалам күә.  
Базары да бақыттың сен бар жерде,  
Сенсіз мүлде шоқтанып жана алдым ба?*

*Сағым дала өсірген елік қызбын,  
Сағынышқа отырмын беріп тізгін.  
Жыл аунатып арада жолықсам да,  
Сезімімнен таймауға сеніп тұрмын.*

*Кербез тауда ерке өскен кекілді ем,  
Желмен бірге жағаласып жетілгем.  
Тау сияқты тұрақтымын білесің,  
Сені сүйем еш нәрсеге өкінбен.*

*Арты қызбын таңда тұып нұр емген,  
Адал ардың пәктігіне сүйенгем.  
Сені аңсаумен тоқтаса да тынысым,  
Бақида да тек өзіңді сүйем мен.*

## СЕН ЕДІҢ ҰМЫТТЫРҒАН

*Жанымнан қайғы, көзімнен жасым кептеген,  
Қатыгез тағдыр кеудемнен талай тепкен ең.  
Ұмыттырып осы өмірдің салған жарасын,  
Самал болып есіп, жанымды менің өпкен ең.*

*Сенбедім, таңдарымның барына алда арайлы,  
Күнім де менің күдікті көзбен қарайды.  
Бәрін де жойған жаныңның жайсаң шұағы,  
Сендегі жылу тамырымда менің тарайды.*

*Жүрегімде сағыныш бар тұнып тұрған,  
Арыла алмай жүр едім тұнық мұңнан,  
Қойшы, әйтеуір тірліктің талай тәлкегі,  
Осының бәрін сен едің ұмыттырған.*



## МЕНИҢ ТУҒАН АУЫЛЫМ

*Көкебұлақта көк майсаға аұнадым,  
Мөлдір бұлақ гүл көмкерген аумағын.  
Жондарында қасқыр ұлып жататын,  
Тамаша бір симфония таудағы үн.*

*Көк шалғында балалықпен ойнадым.  
Сол елесті көңілімнен жоймадым,  
Анау белде жолақтанған жолдарың,  
Маған ыстық төбешік пен жондарың.*

*Көз алдымда көк нүлісті белдерің,  
Бәрі шаттық көре алмайсың елден мұң.  
Құзарыңнан құлап түскен күміс бұлақ,  
Сыңғыр-сыңғыр сыңғырындай теңгеңнің.*

*Көкебұлақ – осы менің ауылым,  
Бөктерінде асқар Алтай тауының.  
Қара бұтты түйдектеліп құятын,  
Сағындым-ау сіркіреген жауынын.*

## **МЫНАУ АППАҚ ДҮНИЕ**

*Мынау аппақ дүние мәңгі жарық,  
Мәңгі жарық өтсе де сан жыл ағып.  
Нұрын сыйлап табиғат алабына,  
Бара жатты соңында жалғыз ағып.*

*Мынау аппақ дүние мәңгі жарық,  
Мәңгі жарық бір жұлдыз қалды жанып.  
Өшпейтұғын өмірде елес қалды,  
Шолпанындай тірліктің таңғы жарық.*

*Мынау аппақ дүние мәңгі жарық,  
Мәңгі жарық бір сәуле таңғаларлық.  
Айдынында тербеткен түн сұлуды,  
Шуағындай шүленің таңғы мамық.*

*Мынау аппақ дүние мәңгі жарық,  
Мәңгі жарық жүректе қалды нағып,  
Жарық болып мәңгіге жалғаса бер,  
Бір тәтті жыр жүректен жаздыралық.*

**КЕШЕ КІМ ЕДІМ**

*Есіңе ашы мен кеше күн кім едім?  
Армандар мен көп еді ғой тілегім.  
Ешкімнің де қолы оңай жетпейтін,  
Арда Алтайдың шыңындағы гүлі едім.*

*Ұмыттың ба? Қандай едім өткенде,  
Өр едім ғой, баса алмайтын еш пенде.  
Тағдырыммен тайталасып талмадым,  
Тар соқпақты, талай күндер кешкенде.*

*Білесің бе, асқақ едім, өр едім,  
Өмірге де өші кеткен бөрі едім.  
Ішімдегі өкінішті қалай жеңемін,  
Өткенді ойлап өртенеді өзегім.*

*Енді білем кешегі күн болмайды,  
Естелік болып есте қалар ол жайлы.  
Кеше мен кім едім?.. таудай өр едім.  
Өрлігімді тарих мәңгі толғайды.*



**ЕКЕУ**

*Сен айтұшы ең екеулердің аңызын,  
Етүші еді махаббатқа тағзым.  
Егіз санға құмарлығың соншалық,  
Деп бастатып бірге соқсын тамырым.  
... Қол да екеу, көз жанары ол да екеу,  
Дегендерді санама да сіңірдің,  
Егіз ғұмыр кешу үшін жүгірдің.  
Амал қанша арамызға жік түсті,  
Ақымақ-ау, бәрін өзің бүлдірдің.  
...Екеу және құлақ та,  
Жүрек жалғыз бірақ та,  
Бұл сөздерді түсіндірдің сен маған.  
Ал бүгінде өзің болдың оңбаған.  
Екеу жайлы «ертегіңді» ұмытып,  
Деп отырсың екеу деген болмаған.  
Иә, иә, ақиқаты осында,  
Тым таяздау ойланғансың басында.  
Екеу деген қасиетті ұғым ол,  
Бағалағанға бар,  
Бағы тайғанға жоқ расында.  
Мәңгі серік сертінен таймаған,  
Бір ауызды жігіттердің қасында.*

**САҒЫН МЕНІ**

*Сағын мені жігіттік жігеріңмен,  
Самал есіп сүйеді гүл өңімнен.  
Шексіз-шетсіз пейіліммен өзіңе,  
Орын бердім аяулы жүрегімнен.*

*Сағын мені, азаматтық арыңменен,  
Сөзіңді сағынамын жаным деген.  
Өзіңе серт етемін сері жігіт,  
Бойдағы ұятыммен, арымменен.*

*Сағын мені, жаным деп сағын мені,  
Сенен басқа кім ұғар хатымды енді.  
Мен үшін енді өмірде өзің ғана,  
Серігім от құшақты, жалтын демі.*

*Сағын мені, ер тұлға мүсініңмен,  
Күтемін әр таңымда осыны мен.  
Көктемнің гүлденгенде нұр бесігі,  
Қосағың боп өмірлік қосылып ем.*





## СҮЙДІҢ МЕНІ

*Сүйдің мені сезіміңмен тым шексіз,  
Пейіліңмен пенделіктен кіршіксіз.  
Мені шексіз сүйгендігің үшін де,  
Қызмет етем жүрегіммен мүлтіксіз.*

*Еш күдіксіз құшағыңа құладым,  
Тұла бойда құдіретті бір ағын.  
Бақытымнан айырма деп тәңірден,  
Тілек тілеп, ағыл-тегіл жыладым.*

*Сүйдің мені барлық жігер күшіңмен,  
Адалдығың айқындалып ісіңмен.  
Жанарымнан түсінесің ойымды,  
Алғысымды айтып кетем ішімнен.*



## **БАҚЫТТЫМЫН**

*Жаным, мен бақыттымын, сезесің бе?  
Маған бақыт сыйлаған елесің де.  
Желегімді байладым жетеді-ау деп,  
Сағыныштың сарғайған жебесіне.*

*Бақыттымын кездескен кез есімде,  
Жастықтың жалын атқан белесінде.  
Торғын белде тоғысқан жүрегіміз,  
Жұлдыздан айдар таққан төбесіне.*

*Шуағына бөлеген арайлы ақ таң,  
Бақытымды қызгандым бар аймақтан.  
Жүрегімде жүгірген алақайлап,  
Тар кеудемде тағатсыз талай тәтті ән.*

*Тұла бойда тоғысты үркіп ағын,  
Жұбымызбен қарсы алдық күн шуағын.  
Содан бері келеміз егіз күліп  
Бақыт жайлы айтамыз сыңсып әнін.*

## ТАҒАТСЫЗ ЖАН ЕМЕСПІН

*Тағатсыз жан емеспін,  
Тағдыры тал қармаған.  
Елесіңмен кеңестім,  
Арманым болып арбаған.*

*Мейлі дедім ішімнен,  
Түсінбесе кетпей ме.  
Бір жан болса түсінген,  
Сол да маған жетпей ме?*

*Қалай ойла өз еркің...  
Мен жайында жағымсыз.  
Құр азапқа төзер кім?  
Кете берем тағы үнсіз.*

*Жалынбаймын бірақ та,  
Аяғыңа бас ұрып.  
Десең дағы сыр айтпа,  
Ұнатам қайтем жасырып.*

*Тағатсыз жан емеспін,  
Тағдырын тасқа соғатын.  
Өкініп опық жемеспін,  
Келтірер тәңір оратын.*

**ТҮСІНЕМІН**

*(Ақын досыма)*

*Түсінемін жаныңның күйзелгенін,  
Тәтті орнына тағдырдың тұз бергенін.  
Көңіліңнің көк майса көктеміне,  
Қызығы аз, қытымыр күз келгенін.*

*Түсінемін жаныңның ауырғанын,  
Тағдырыңа тауқымет таңылғанын.  
Жұдырықтай жұп-жұмыр жүрегіңе,  
Өмірден өшпес жара салынғанын.*

*Көріп жүрмін көңілдің қаяулығын,  
Өтіп кетер қайтесің санаулы күн.  
Әлі-ақ алдан күлімдеп күн шығады,  
Қараңғысы сейіліп таң алдының.*

*Бәрін мен түсінемін, көне білгін,  
Білесің өлмейтінін өлеңіңнің.  
Өршіл едің өзің де өр мінезді,  
Сен де түсін өлтірме өнеріңді...*

## ҚЫЗДАРҒА

*Жарығына айналған жарты әлемнің,  
Бақытына баланған байтақ елдің.  
Тамсандырар талайды тәтті бір жыр,  
Қыздар жайлы келеді айта бергім.*

*Айта берем құрбылар таусылмас ән,  
Жаз көңілің жайдарлы жарқылдасаң.  
Жаны нәзік, ары таза асылдарын,  
Ардақтамай өткен-ді халқым қашан?*

*Жарық күнмен әлемде теңдес ұғым,  
Арқалаған ауырлау пенде жүгін.  
Құттықтап қуанышпен мерекесін,  
Сыйлағандай табиғат жер де гүлін.*

*Жаны нәзік тілейтінім құрбылар,  
Барлық ақын мәңгі бізді жыр қылар.  
Ана деген ардақты есім бұйырсын,  
Көкіректегі балдай сезім ұрғылар.*



**КҮНШІЛГЕ**

*Сөйлейсің білерменсіп, тәлімсініп,  
Аңғармайсың жүргенін сағың сынып.  
Жоғары ұстап сөйлемге өз басыңды,  
Озғандарды қызғанып, жаның шығып.*

*Жеткізердей жінігесің өр мінезің,  
Жиган бойға заһарлы сөз білерің.  
Жығылып та күлесің қисайғанға,  
Ар жағыңды жүрегім сезді менің.*

*Арыла алмай ойдағы масқарадан,  
Мықтымын деп өзіңді басқалардан.  
Жүргенің де жыландай жылғаларда,  
Қыран сынды бар білсең басқа да адам.*

*Ойлан, білсең тірліктен өтеріңді,  
Ерте бастан жиган дұрыс етегіңді,  
Ойламысыз, таяз анау ақылыңмен,  
Ойлай біл қанша жерге жетеріңді.*

## **КӨҢІЛІН КІМНІҢ ТАБАМЫН**

*Көңілін кімнің табамын,  
Қабағын кімнің бағамын.  
Орындап күн кешу ме?  
Әркімдердің талабын.  
Мейлі болсын өкпесі,  
Дұрыс емес көпке осы.  
Кінәсі жоқ біреуге,  
Өкпелейді өкпеші.  
Оған бола,  
Теріңді босқа төкпеші.  
Жағу қиын,  
Барлығына адамның.  
Бәрі бірдей,  
Емесі хақ галамның.  
Қайсысы дұрыс?  
Тезіне саз санаңның.  
Көңілін кімнің табамын,  
Кімдерге қалай жағамын.  
Жағу үшін келгем жоқ,  
Жағымсудан адамын.  
Тауып алсын,  
Жағымситын адамын.*

## РЕНЖІТІП АЛДЫМ БА

*Адал жарың мен едім сеніп өтер,  
Көңіл сыйса көрпенің ені жетер.  
Ашу үсті шайтанның арбауында,  
Ренжітіп алдым ба, сені бекер.*

*Пендеміз ғой қателіктер жетерлік,  
Жүргеннен соң жердің бетін мекен ғып.  
Кей кездері өзімді асқақ санаймын,  
Анам мені өсірген соң сетер ғып.*

*Ашуымды ақылыма әкелдім,  
Кемшілігін тауып алдым қатемнің.  
Кешіре сат кербезденіп кетемін,  
Еркелеткен елігі едім әкемнің...*

*Еркесі едім әпкемнің, ағамның,  
Кенже қалған кетігі бар санамның.  
Бәрі мені жұлдызына балайтын,  
Содан шығар артықтауы бағамның.*



*Тәкаппарлау мінезім бар білемін,  
Бірақ адал, ақпейілмін жүрегім.  
Асылдарым артық көріп өсірген,  
Алыстамас адалдықтың құлы едім.*

*Ашуым бар шай орамал кепкенше,  
Шалқаймай басың жерге жеткенше.  
Достасайық, ренжіме жарай ма?...  
Аз ғұмырда араздасып өткенше.*



**УЛАНДЫҢ**

*Қабағыма қарай сап тұрған жүдеп,  
Айтады Мұқаң жырына «уландың» деп.  
Қара өлеңнің атпасын қасиеті,  
Тұла бойда тағатсыз тұлап жүрек.*

*Өтінем, маған олай айта көрме,  
Ұят болар бабам мен байтақ елге.  
Бальзам жырдың балын берген жаны,  
Ұялмай у берді деп айта көрме.*

*Бере алмасақ ақынның бағасын біз,  
Сарай жыр, саналатын санасы құз.  
Шоқтығы биік тұрған басқалардан,  
Мен үшін ақындардың ағасы сіз.*

*Берейік қырандардың шын бағасын,  
Өзі айтып кеткен ақын мұң-наласын.  
Сол сөзіңді қайтарып ал өкінесің,  
Ақынның киесі атып жсынданасың.*

## **СЕРІ МҰҢ**

*Серік болып сезіміме ерке мұң,  
Айға қарап ару мұңын шертемін.  
Түндер солай тербетеді бесігін,  
Өзегімді қаншама рет өртедім.*

*Қалай сені кешіре алам сері мұң?  
Менің жалғыз сәттердегі серігім.  
Жұлдызды түн құшағында мастанып,  
Қиятымда махаббат деп ерідім.*

*Желтіндіріп тастаңдаршы мені бір,  
Адал досым ерке мұң мен сері жыр.  
Нәзіктікпен өлшенетін өмірім,  
Менің жаным қылдан нәзік соны біл.*



## КҮЗ БЕ МЫНАУ

*Әке-ау, бұл күз бе әлде көктем бе еді?  
Аумады жылылықтан көктемдегі.  
Күз болса қыс келмей ме қыраулатып,  
Ақсақалды атамыз сексендегі.*

*Қайтпаған жылы жаққа құстар әлі,  
Бір түрлі екен қараша да ұшпағаны.  
Неше күз, талай қыстар жылы болған,  
Ешбір құс біздің жақты қыстамады.*

*Аңғара алмай алды да қыс тұрғанын,  
Ойламай-ақ келеміз қыстың қамын.  
Өткен жылы өңменіңнен өткізіп,  
Ұмытқан ба ... боранның ысқырғанын.*

*Жақсы көрер жанымыз сұлулықты,  
Жаздан кейін көктем келмес ұғынықты.  
Күз бе мынау; күз бе мынау керемет қой,  
Көктемдегі сақтап қалған жылылықты.*

## АЗАПТАНУ

*Сезбейсің, әттең, менің халімді,  
Жегідей жеп жүрмін өзім жанымды.  
Саған сендім, ақтамадың үмітті,  
Жолыңа сап бәйек болған барымды.*

*Адалдықпен алға қойып арыңды,  
Бағаласаң жетпеді ме бағыңды.  
Әттең, әттең, аямадың өзгердің,  
Жаным менің өткен күнді сағынды.*

*Қарамадың жанарыма үңіле,  
Жара салдың жүрегімнің түбіне.  
Өміріме үмітпенен ұмтылам,  
Тірлігіңнен тұрсам дағы түңіле.  
Өліммен де мың тілдесем күніне.*

*Қайтем енді жараландым расында,  
Көріп тұрсың көзімдегі жасымды.  
Неге сонша бағаламай басымды,  
Аяламай қолың жетпес асылды.  
Кімге айтамын, кімнен атам ашуды?*

*Мені азапқа саласың ба шынымен?  
Жұрттан қанша жасырамын мұны мен?!*

### **КӨКТЕМ ҚЫЗ**

*Көктем қыз күлімдесе жайраң қағып,  
Табиғат тамсанады таңдай қағып.*

*Аспанда көтергендей ай қабағын,  
Дейді жер сұлулыққа таңғаламын.*

*Сұлуға сыйға тартса құстар әнін,  
Тіршіліктен тыныстап күш табамын.*

*Жанай келіп жанына жымың күліп,  
Көктем қызға сөз салса жылмық жігіт.*

*Көктемім көркі бөлек бұйығы қыз,  
Төмен қарап үн-түнсіз жымыңыз.*

*Жанарынан сұлудың сырын біліп,  
Осылайша қыдырып қырын жүріп.*

*Ойыңды оқып есті жігіт қылығыңнан,  
Кетпестей байланады бұрымыңнан.*

*Осылайша бастатып жаңаша өмір,  
Табиғатқа сый берген тамаша бір.*

## **АЛТЫН АЛТАЙ - ТҰҒЫРЫМ**

*Ата-бабам, туған жер сүйем сені,  
Таңдайыма татыған жыр емшегі.  
Шыңыңда шыңдалған төзімдерім,  
Көкірегімде көп арман тұр еңселі.*

*Тұғырым алтын Алтай түлегіңмін,  
Мәні өзіңде сәні мен бұл өмірдің.  
Жалағасады сұларың жанымменен,  
Қанындай тұлап аққан жүрегімнің.*

*Көктеген көкейімнен жыр өркені,  
Арқау қылам өлеңіме ұлы өлкені.  
Кетсем де қара жерден ғайып болып,  
Тұрақ қылам онда да білем сені.*

*Дәл өзіңді қадірлемей өтсем мен,  
Жаншы менің жүрегімді өкшеңмен.  
Адал халқым, өз жұртым бар өзіңде,  
Көтеретін ар-даңқымды еңсеммен.*

*Алтын тауым тұғырымсың түлеген,  
Ақша бұлт пен көк аспанды тіреген.  
Алғырлығым қыраныңдай ақиық,  
Мен сенімен биік болып шіренем.*

**СОЛ МЕНІҢ САҒЫНЫШЫМ**

*Сар таңдарда сағынып аңсағамын,  
Сағыныштан әр кеште ән саламын.  
Сол әнімді қабыл ал, сол жсырымды,  
Қанатымен құстардың барса жаным.*

*Жұтайынышы тамсанып таң саматын,  
Басылар сонда бәлкім шаршағаным.  
Мен деп біл нөсер болып сіркіреген,  
Жаңбырда жалғыз тамшы тамса жаным.*

*Алыстатқан сәтінде қиыр далам,  
Несібемнен қызғанам бұйырмаған.  
Туған жердің саматы бетіңді өпсе,  
Менің демім деп білгін сыбырлаған.*

*Көрдің бе ақ бұлттарды түйдектелген,  
Сол менің сағынышым іздеп келген.  
Қолыңды бұлғап жаным шақырдың ба?  
Бір лебіз жаным-ау біл деп менен.*





## ӨЗІМЕ ӨКПЕЛІМІН

*Жылаймын не үшін мұңданамын,  
Шырмауына беріліп қу наланың.  
Пейілімнің кеңдігін пайдаланған,  
Адамдарға кектенем, жынданамын.*

*Шынымды айтсам өзіме өкпелімін,  
Өткендей-ақ өкініш текке күнім.  
Мен жеңілдім, бәрібір олар жеңді,  
Сондықтан да өзімді жек көруім.*

*Қалай айтам жүректің сыздағанын,  
Қалай ертем өкпенің мұздағанын.  
Ақыл айтқым келмейді ақымаққа,  
Өз жүрегім өзіңді тыңдамадың.*

*Өздері мәз мәреге жеткен жандай,  
Мен сияқты арада тек сормаңдай.  
Сонша неге қинадың айтыңдаршы?  
Алынбаған атамда кегің бардай.*

*Бірақ бәрін тапсырдым бір Аллага,  
Мені бұдан шығарар шыдам ғана.  
Күнәміз бен кінәмізді таразылып,  
Парқымызды өлшейтін құдай ғана.*

**КҮРЕСПЕГЕН КҮНІМЕ**

*Демеймін бұл өмірдің сыры бөтен,  
Бәрі де жазылмаған жырым екен.  
Кетерімде өмірден ақыретпен,  
Жылап келдім, өмірден күліп өтем.*

*Өмір деген – тірліктің шуағы айдын,  
Дей атман мен сыныңа шыдамаймын.  
Бәріне де көнемін сенші маған,  
Бұл ғұмырда мен өксіп жыламайын.*

*Жалғаспасын гүл ғұмыр қасіретке,  
Мұң-зарыңды сен маған нәсіп етпе.  
Жылап келдім, тірлікте күліп жүрем,  
Ей, тағдыр, өмірімді асық етпе!*

*Тіршілік пен өмірді күрес деген,  
Күрессіз ешқашанда күн өтпеген.  
Бәрін дағы көремін, әкел маған,  
Күнің бар ма мен әлі күреспеген.*



## **БАЛАЛЫҚҚА САҒЫНЫШ**

*Қайда кетті сәби болып күлгенім?  
Қаз тұрып, тәй-тәй басып жүргенім.  
Сезбептін зой жырақ қапты алыста,  
Күнәдан пәк сәби бала күндерім.*

*Көңілдердің түсінбеген кірбеңін,  
Анамның құшағында түндерім.  
Балалықтың бал күнімен қоштасып,  
Әттең, шіркін, өкінішті күйдемін.*

*Дархан дала еншімдей-ақ бір менің,  
Сезбейтұғын өмірдің соқпақ сүрдегін.  
Періштедей пейілімен паң күліп,  
Көбелекпен жарысып кеткеніңді білмедім.*

*Ең бақытты шаттық толы күндерім,  
Ең ерекше естелігім бұл менің..  
Бар тірліктен қам-қайғысыз жүретін,  
Балалығым сағынышпен іздедім.*



**ТАБИҒАТҚА ҒАШЫҚПЫН**

*Кең табиғат қойнауың ашық маған,  
Бір қыз едім өзіңе ғашық болған.  
Қызғалдағы қырмызы қырыңдағы,  
Кезім жоқ кездесуге асықпаған.*

*Кербез төсің көкейімнен кетпеді,  
Жанға рахат жібек желдің өпкені.  
Дарқан далам тірлігімде ардақтап,  
Мәңгілікке бағалаймын тек сені.*

*Керегімді кер жартастан тапқандай,  
Қара орманда маған сырын ақтарғай.  
Еркелетіп құшағыңа бөлеген,  
Атырамын таңдарымды ақ маңдай.*

*Ғашық жырым жылғаларға құлаған,  
Іңкәр жаным бұлағың болып жылаған.  
Тал бесігім тербетілген бақыттың,  
Тек өзіңнен махаббатты сұранам.*

## **АУЛЫНДА АНАМНЫҢ**

*Көрдім бүгін анам туған өлкені,  
Туған жері маған сырын шертеді.  
Мейірімен көз сатады нағашым,  
Анамдайын ақбас тауы еңселі.*

*Төбесінде тұрдым бір сәт қыраттың,  
Жағасында анам ішкен бұлақтың.  
Елестетті өсірген жер анамды,  
Еңіредім, сағынышпен жылаппын.*

*Бала күні осында өткен бал шырын,  
Балағымен жинап алып таң шығын.  
Жиеніңнің басылар ма зарығы,  
Жұтайынышы анам ішкен тау суын.*

*Анам өскен жағасында бұлақтың,  
Көк шалғынға бетім төсеп құлаппын.  
Ерте кеттің, жұмағыңа асықтың,  
Еркеңді әттең, еңіреттің, жылаттың.*

## ҒАШЫҚТАР

*Махаббаттың майдангері ғашықтар,  
Ол киелі махаббаттан асып па әл.  
Құдіреттің құнын білмес әуелде,  
Санасында саңылау жоқ насықтар.*

*Қыз құлаған, Жая тастың аңызын,  
Жаңғыртқанда ақ махаббат нағыз үн.  
Құрмет қыл адалдықты жақтасаң,  
Ғашықтарға басыңды иіп тағзым.*

*Көңілдерге көбеймесін сызықтар,  
Ғашықтарда ғаламатты шындық бар.  
Өгейлігі өкінетін өмірде,  
Қатыгез сүюді ұқпас сұмдық бар.*

*Ұран қылған махаббаттың ұлы әнін,  
Арлы қыз бен адуынды ұлдарың.  
Мәңгілікке асқақ етіп арларын,  
Мекен қылған ізгіліктің шыңдарын.*

## **МАҚТАНЫШЫМ ҚАЗАҚПЫН**

*Қазақ ұлтым аспандаса қалықтап,  
Қазақ атын деп тілеймін анықтат.  
Мен қазақпын сол үшін де мақтанам,  
Ұлт есімін айға апарған шарықтап.*

*Қазақ әнін ғарыштарға жалғадың,  
Кең пейілің асқақ осы арманың.  
Мен қазақпын кең даламды сағынған,  
Тарландарың сахараңда самғаған.*

*Қазағым-ау, мақтанышың көп сенің,  
Өткен күдер өкінішті көп көрдің.  
Озық ұлттық дәстүрің мен өнерің,  
Таңғалдырған талай елдің бектерің.*

*Қасиетің жоғалмасын ұлы елім,  
Мақтанышпен санат құрып жүремін.  
Ұрпақтарың қасиетін сақтаған,  
Қазақ деген ұлтым асқақ білемін.*

## КҮНДЕРІМЕ КЕКТЕНЕМ

*Жанарымда жалғыз тамшы жас мөлдір,  
Сол тамшыны таусылар ма етсем жыр.  
Осы өмірге несін келген екенмін?  
Тарқамады тірлігіме өкнем бір.*

*Разы болып көрген жоқпын күніме,  
Тағдыр жазған тәлейсіздің бірі де.  
Құнышпен, күлкі, шаттық мерейдің,  
Маған тән боп көргені жоқ бірі де.*

*Күнім күліп, шаттанып ашылмаған,  
Қашан болсын қабағым қатуланған.  
Бақытымды ұрлаған баяны жоқ,  
Күндеріме кектенем, ашуланам.*





## **АҢСАП БАРАМЫН**

*Арманымның шыңға сермеп қанатын,  
Ардақтаған ақиқат пен ар атын.  
Туған жерді думанды етім деп білем,  
Теңгермеймін жер мен көктің жәннатын.*

*Сүйіп өтем сері жырмен сені өлкем,  
Сайын далам сағынумен күнетем.  
Арманымның тарлан көгін іздеумен,  
Дәл өзіңнен аттанбақың мен ертең.*

*Мені өсірген асқақ еді мұндағы ел,  
Жер жәннатын іздесеңіз мұнда кел.  
Зуқа менен Оспан жатыр белеңде,  
Талай-талай тарландарын туған ел.*

*Қазағымның көрмек болып алабын,  
Орны болған Отырардай қаланың.  
Абай, Қасым, Мұқағали, Мұхтардай,  
Жыр еліне сәлем жасап барамын.*

*Қазағымның аңсап барам ордасын,  
Ағайындар еш бөтен ой болмасын.  
Бақыт құшып әр таңымыз алдағы,  
Баяшатты болашағың орнасын,  
Қазағымды тәңір өзі қолдасын.*

**ӨМІРГЕ ӨКПЕМ ЖОҚ ЕМЕС**

*Өкпем жоқ өмір саған дей алмаймын,  
Жоқшылық пен жауласам жеңе алмадым.  
Әйтеуір кедей болып олгенім жоқ,  
Бай боламын тағы да дей алмадым.*

*Саған өмір шынында сене алмаймын,  
Тозғанды көріп тұрып бере алмаймын.  
Жоққа шыдап жүрсек те, барға жетпей,  
Дүниеқоңыз жандарға ере алмаймын.*

*Құбылматы бірде бар, бірде жоқсың,  
Тең көрмейсің өмір-ау бәрін көптің.  
Біреудің мәртебесін айға апарып,  
Біреуді неге сонша төмендеттің...*

*Өмір саған өкпем жоқ дей алмаймын,  
Сыбағаң бар ма тағы берер дайын.  
Өкпелемей өмірден өтсе жұртым,  
Мастанамын шаттанып мен әрдайым.*

## КҮЛТЕЛІ ЕЛІМ

*Көктоғайым, күлтелі елім, шаттығым,  
Алау кешипен арайланып атты күн.  
Тұғалы елдің тұғырында түлеген,  
Баса алмаспын көңілімнің аптығын.*

*Ақын, ғашық батырлардың мекені,  
Сен деп білдім Мысыр менен Меккені.  
Ұрпақтарың ұтылыққа ұмтылған,  
Боздақтарың боздап өткен кешегі.*

*Оған күә мынау тарих, мол дастан,  
Жаңғырады сондағы ұран жартастан.  
Тыңда досым бабалардың дүбірін,  
Батыры елдің жауларымен айқасқан.*

*Тік ұстаған адалдықтың туларын,  
Ақтеке мен Сүлеймендей ұлдарың.  
Кеше солар жортып өткен жондардан,  
Қазағымның қайсар жырын тыңдадым.*

*Осы өлкеде жатыр әлі жыр-әнің,  
Тұлап аққан Ертісіңдей ірі ағын.  
Ақбас шыңның құзарына қарасам,  
Ақыт атам оқып тұрған құранын.*

*Сырға тартсам сыңғырлаған бұлағың,  
Сызылтады әниі арудың бір әнін.  
Тоғыстырып сезіміңді толқынмен,  
Билеп алар нар тұлағанды ірі ағын.*

*Орманның сыңсып айтып мұң зарын,  
Кеңістейін келер соны тыңдағың.  
Ана Ертіс еске алады жоңкіліп,  
Есімхандай егей тұған ұлдарын.*

*Тізбектесем маржандайын көпеді,  
Батырлардың талайы өсіп келеді.  
Жетпістегі арда ақын бүгінгі,  
Бөгеу бермес Бердібектің өлеңі.*

*Қарғалдағы қарлы шыңның дараның,  
Қайсыбірін айтып таусам дананың.  
Тарихқа таңба болып басылған,  
Есімдері өшпейтін есіл ағаның.*

*Міне бұлар ұрпағыңның мақтаны,  
Қазағымның атар күліп ақ таңы.  
Батырлар мен абыздардың ошағы,  
Бұл өлкенің ашық мәңгі аспаны.*



## ҚАЗАҒЫМ-АЙ

*Қазағым-ай, көтерілген шаңырағың,  
Армандардан асырған сан ұланын.  
Сапарында өмірдің өлмейтұғын,  
Сенен шыққан ерлерге табынамын.*

*Қара қоста өсірген қара ұлдарың,  
Әлемге айғақ етіп дарын барын.  
Қайсы халық біздерді танымайды,  
Соқтырып жүр жеңістің дабылдарын.*

*Қазағым талмайтын тарлан қыран,  
Белін бұар баланың арман қуған.  
Ақиқатты арым деп білер қазақ,  
Шықпайды қысым да жалған бұдан.*

*Қазағым-ай, қайыспас қара нарым,  
Ескермеген ешқашан дала азабын.  
Сахарада салтанат құра бергін,  
Дала заңын үйреткен даналарым.*

**БЕЙБІТ КҮН**

*Бар әлемге тілейтінім бейбіт күн,  
Шаңырағы көтерілер елдіктің.  
Жөргегінде жерлеген дұшпанын,  
Шешек атар топырағы ерліктің.*

*Бейбітшілік барлық әлем ұраны,  
Күнің күліп айың алдан тұады.  
Тәуелсіз ел шұағына бөлеген,  
Бақыттысың бейбіт елдің ұланы.*

*Құламасын желбіреген байрағың,  
Өркендейін бағым бастан таймағын.  
Әлдилеген бесігісің бейіштің,  
Берекелі бұзылмаған қаймағың.*

*Бейбіт күнде қолға келген табысың,  
Жүзделі боп халқарада арысың.  
Биіктеген білікті елдің ертеңі,  
Бұдан да көп болары хақ табысың.*

## **АҚЫНҒА СӘЛЕМ**

*(Бердібек Құржықаевқа)*

*Сәлем сізге ақын атам, жыр бабам,  
Мынау сауға жырдан сізге сыйлаған.  
Шын көңілден сізге айтар сертім бұл,  
Жалғастырам мен де өзіңдей жыр жазам.*

*Білем ата, тарихта сыр барын,  
Келер соны кеңесіңнен тыңдағым.  
Өнегеңді өлеңіңнен жаттағам,  
Сыр ашады ұрпағына шын дарын.*

*Не түрлі өмірдің бұраң сындарын,  
Өткіздіңіз басыңыздан сіз бәрін.  
Міне бүгін өршіл шабыт шыңынан,  
Бұлғадыңыз жырдың жеңіс туларын.*

*Көрсеткенмен көзсіз тірлік ызғарын,  
Ардақтаған бүгін ұл мен қыздарың.  
Жарқырайды тат баспайды мәңгілік,  
Көмілмейді құм астына шын дарын.*

*Тілдің тиегі жай отының жарқылы,  
Өзге дарасың шындық жазу арқылы.  
Асқақ қиял «күретамыр» жалғасқан.  
Арда ақынның ағып жатқан жан сыры.*

*«Қазақ қандай» әлемге аты шарлаған,  
Ойшаңдыққа тұнық дарын жалғаған.  
Өршілдігін ұлтымыздың өрілген,  
Ұқтым мен де анау «қызыл таңбадан».*

*Жазатынын, айтарын тауыспаған,  
Жігері кәрілікпен қауышпаған.  
Қайсарлыққа жебеген жайсаңдыққа,  
Жасай бер, жаса мәңгі құрыш бабам.*

*(«Күретамыр», «Қазақ қандай»,  
«Қызыл таңба» өлеңдер жинағы)*





## ДОСҚА АРНАУ

*Кір шатмас көңілімнің таза айнасын,  
Қыс өтіп, көктем келіп, жаз айналсын.  
Ақ тілегім адал досым бір өзіңе,  
Ақ таңы арманыңның арайлансын.*

*Жалғастырып достық әнін сан ғасыр,  
Тірлігіңмен жазып өткін таңға сыр.  
Өкінбейміз өкпе артып бұл күнге,  
Нағыз бақыт күндеріміз алда тұр.*

*Арман гүлін баптап жүрмін әр тәулік,  
Достық әнін жырларыма арқау ғып.  
Сенем досым, сертің берік өмірде,  
Жүрген жоқсың тірлігіңде қамсау ғып.*

*Аузымды ашсам көрінетін жүрегім,  
Достарыма адал менің тілегім.  
Талаптысың таймайтұғын табанды,  
Сенің шаттық күнің алда білемін.*

**КЕШІРЕМ**

*Өмірдегі өзің болып мұнарам,  
Өлеңімді өзіңе арнап құрағам.  
Тағдырымыз тарықтырды біздерді,  
Үміт атты ұлы тауым құлаған.*

*Талай түндер тәңіріне жылаған,  
Іңкәрлықтан есі кетіп бір адам.  
Сен қалайша түсінбейсің жанымды,  
Сен үшін деп бар азапқа шыдаған.*

*Кешіремін мінсіз адам мен үшін,  
Кінәламан өкпе артып сені шын.  
Енді қалған өмірде елесіңмен егізбін,  
Жер бетінде ол да менің жеңісім.*

*Еш кетпеген ерте ме-кеш есімнен,  
Махаббаттан ала алмаған несібем.  
Мейлі мені кінәларсың өз еркің,  
Бірақ сені сүйгендіктен кешірем.*

## АТАЖҰРТТА НАУРЫЗ

*Армысыздар, Атажұртым, байтағым  
Нұрға шомған бейбіт елде әр таңың.  
Алыстағы бар қазақтың атынан,  
Тілеуіңе қабыл болсын айтамын.*

*Елім саған лайық қой атақ әр,  
Жеті дәмнің басын қосып апалар.  
Аңсап келген ұл-қызыңа алыстан,  
Батаңды бер дуалы ауыз аталар.*

*Жықпаған ел адалдықтың ақ туын,  
Тәңірге аян тәуелсіздік тәтті ұғым.  
Құнышқа ортақтасып ағайын,  
Елге оралды алыстағы аққуың.*

*Баласымыз біз қазақтың бір ғана,  
Қазақ үшін наурызда жыл жаңа.  
Атырау мен Алатаудың арасын,  
Әнге бөлеп тербетейік біз дара.*

*Қазақңыз ғой дәстүр алған арыдан,  
Ұлыс күні ақтарылған ағынан.  
Киелі өлке, текті елде табысты,  
Бауырларың қаншама жыл сағынған.*

## *ЕРКЕЛЕТМ МЕНІ...*

---

*Бақыттымын, ұрпағымын текті елдің,  
Жолын құғам билер менен бектердің.  
Қасиетті Атажұртым аман бол,  
Тәуелсіз ел тұғырыңа кеп қондым.*

*Самарханның ерткен күні көк тасын,  
Көжеңді ішіп, ақсарбастың жеп басын.  
Тілегі бір, жүрегі бір қазақың,  
Аман болсын Отан менен отбасың!*



## ЕСКЕ АЛАСЫҢ

*Кермаралты кең даламның тағысы ем,  
Бала күннен мен өзіңе таныс ем.  
Еске түсіп ерке шағым отырмын,  
Бозбаладай хабарласып тағы сен.*

*Жүрек, шіркін, ақылыңа тоқтай ма,  
Өкім айтар оған, сірә, сот қайда.  
Баяғыда сөнген шоғың тұтанып,  
Құйылғандай күй кешесің от майға.*

*Сері жүрек сетерлігін қоймаған,  
Ғашық болу ғаламат “дерт” ойланам.  
Сен ғана емес сезіміне мас болып,  
Ол көктемнің гүлдеріне тоймаған.*

*Еске аласың, сағынасың, қайтесің,  
Арулардың аймалаған ай төсін,  
Елес болған күндеріңмен күй кешіп,  
Сол шақтардан іздейсің бір сәйкесім.*

*Еске аласың, оралмайды ол көктем,  
Желтілдеген джентльмен ең, ой неткен.  
Арпатысып араздасып қайтесің,  
Іздесең де таппайсың-ау жер-көктем.*

**АРАЗДАСПА АҒАЙЫН**

*Базарынан бақыттың бөлек өстім,  
Мейіріне көрген жоқ бөлеп ешкім.  
Аяушылық көрсетпе өтінішім,  
Мүсіркеуге қол жайған мен емеспін.*

*Пейілімді тарылтқан пенде емеспін,  
Тар маңдайды жақсыға телімеспін.  
Алауыздық көрсетпе, қой ағайын,  
Екеу болған жері жоқ ерегестің.*

*Тілек тіле біреуге қолың жайып,  
Бермесе де байлығын бөліп жарып.  
Ағайынның арасы тату болса,  
Саған келер зиян жоқ оның байып.*

*Болмау үшін қауымға келекелі,  
Шақырамын ұғайық берекені.  
Атың ортақ, асың бір болса егер,  
Бірлігіңе тірлікте не жетеді?*



## ҚҰРБЫМА

*Арлы қызсың алтын таудан нұр емген,  
Адал-ақсың пәктігіңе сүйенген.  
Құрбым менің құлын мүсін ерке қыз,  
Сенің осы пәктігіңді сүйем мен.*

*Айдың аппақ сәулесінен ой алған,  
Көркем сөздің көрпесіне оранған.  
Адырнаны кере тартып толғаған,  
Жеткізбейтін жебесіндей ой арман.*

*Достықты ұлы қастерлей де білесің,  
Естілердің ениісіне еселеніп тиетін.  
Қазыбектің қара қызы сен деймін,  
Сөздің тауып сөйлейтұғын жүйесін.*

*Өр тұлғаң мен нар шабытың ұнайды,  
Құрбы борлып бір өткіздік жыл-айды.  
Әкең қойған әдемі аттың қасына,  
Ұмытпастан қатар жазғын Құлайды.*

**АРМАН**

*Барлық ақын шығармасы шығатын,  
Таланттың шын қадірін ұғатын.  
Көр де тұр мен өзім баспа ашамын,  
Бастықтар кеп басын өзі бұратын.*

*Ақиқатты жазғандарды жебейтін,  
Тарыдай болсын талантты елейтін.  
Өздерінің өркеуделеу істеріне өкініп,  
Дедектеп кеп депутаттар демейтін.*

*Қайтаратын жазушылар есесін,  
Елдің толғап бүгіні мен кешесін.  
Шындық жайлы жыр жазып  
«Көкелердің» көрсететін көкесін.*

*Барлық ақын шығармасы шығатын,  
Таланттың шын қадірін ұғатын.  
Көр де тұр мен бір баспа ашамын,  
Бастықтар кеп басын өзі бұратын.*



## ТҮНДІ КӨРГІМ КЕЛМЕЙДІ

*Түнді көргім келмейді ұйқы басқан,  
Түнді көргім келмейді сиқы қашқан.  
Түн өзіне құрбан ғып жатыр менің,  
Өзендей өмірімді кілкіп аққан.*

*Түнді көргім келмейді құлазыған,  
Жапандағы аумаиды құба құмнан.  
Түнге нәлет айтқандай мұңты дауыс,  
Байғұз үні кетпейді құлағымнан.*

*Түнді көргім келмейді өлі тірлік,  
Икемі жоқ тірлікке қолы сынық.  
Қара жерді жастанып қараңғыда,  
Мәңгі ұйқыға кеткенше қонысым ғып.*

*Түнді көргім келмейді қап-қараңғы,  
Сәулесіз көңіл кімге сыр ақтарады.  
Көрінбей көмескіде қалып қалар,  
Жазылмаған жырларымның ақ парағы.*



**АЛТАЙ ДЕСЕ**

*Алтай десе аттанушы ем алақыза,  
Ежелден мекен болған қазағыма.  
Ағажайдан қалған ба ел көшкенде,  
Бір өксік тығылады тамағыма.*

*Батыр болып туылған бабам одан,  
Батасы бесігінде есейіп дана болған.  
Әкем келсе өмірге кіндік кесіп,  
Анам сонда жүзгіріп бата болған.*

*Ол жайлы аңыздар көп баяғыдан,  
Алтын саулап өскен жер балағымнан.  
Қандай елге қоныс болып қалар ертең,  
Домбырам ең күй төккен шанағынан.*

*Ешкім алып жыртпай-ақ жағамыздан,  
Өшіре алмай қиналып санамыздан.  
Бір түйір топырағын қимай жүріп,  
Алыстадық ағайын даламыздан.*

*Алтай десе аттанушы ем алақыза,  
Ежелден мекен болған қазағыма.  
Ағажайдан қалғанба ел көшкенде,  
Бір өксік тығылады тамағыма.*

## ТЕЛЕФОН БЕРМЕДІҢ

*Аязы ұрып қарашаның,  
Бағасы кетіп баршаның.  
Мұздаған жүрек жүйкемен,  
Телефоныңды күтіп шаршадым.*

*Қасіретімді ұқпас ел менің,  
Қиялға қанат сермедім.  
Теңіңді әлде таптың ба?  
Телефон неге бермедің.*

*Белгісіз ағыстармен ақтың ба?  
Басқада болып ермегің.  
Әлде кінә таптың ба?  
Ойымды ұқпай сен менің.*

*Қалықтап қардың ұшқыны,  
Аяқтап жаздың үш күні.  
Ұмытып сен де кеттің бе?  
Телефон неге бермедің...*



## НЕ БОЛҒАН

*Не болған тыным таппай саған бүгін,  
Артқандай болып мазасыз ғалам жүгін.  
Тынымсыз тытырладың неге сонша,  
Сотына тартылғандай ар алдының.*

*Уайымсыз өткізейік өмірдің бір белеңін,  
Доғара тұр әзірге тірліктің күйбелеңін.  
Тағдырымда тағатсыз тырбаныспен,  
Тірлік жайлы жайсыздау күйге енемін.*

*Не болған, алаңдама жүрегім алақызып,  
Арманыңнан адаспа қара үзіп.  
Адалдықтың алдында жүздесейік,  
Жыласақ та шын жылап, таза күліп.*

*Тоқтатамын, тоқташы сені қалай,  
Сенің күшің етеді мені малай.  
Адастырма жүрегім алда мені,  
Таңдарымда жүздесейік менің арай.*


## ЖАРАЛЫ АҚБӨКЕНМІН

*Жаралы ақбөкендей күйгенменен,  
Сүюді ешкімнен де үйренбегем.  
Махаббатқа барымды арнағанмын,  
Ар алдында ешқашан иленбеген.*

*Өмір өзі жаттатқан ғашық әнін,  
Күнім батса таңыма асығамын.  
Жайраң қағып жаныңа барамын да,  
Жас баладай мойныңа асыламын.*

*Ескермеймін, өмірдің еш бөгетін,  
Өкінбеймін ғашықтық кешсем отын.  
Ғашықсыз өтіп кеткен бір өмірге,  
Теңелмес сен бардағы бес минутым.*

*Сенен көрдім ғұмырдың ғаламатын,  
От бердің, сезім бердің санама тың.  
Арманыма жол алған асылым-ау,  
Сөзім жетпей барады бағаңа тым...*



**МАЗМҮНІ**

<i>Алғысөз</i> .....	3
<i>Жібекпін</i> .....	6
<i>Ауылға барып қайтайық</i> .....	7
<i>Жаралы жаным...</i> .....	9
<i>Анашым</i> .....	11
<i>Ешкімге де ұқсамаймын</i> .....	12
<i>Әкешім сені іздеп...</i> .....	13
<i>Көктемнің күні секілді</i> .....	14
<i>Білмей қалу мін емес</i> .....	15
<i>Кінәлі емеспіз</i> .....	16
<i>Өкініш</i> .....	17
<i>Бекер көрген екенмін</i> .....	19
<i>Көлдің ерке құсындай...</i> .....	20
<i>Елесіңді күзетем</i> .....	21
<i>Өкпелеме</i> .....	22
<i>Мен кетемін</i> .....	23
<i>«Сағындың ба?» дейсің зой</i> .....	24
<i>Тосамын сені</i> .....	25
<i>Еркелет мені, жан аға</i> .....	26
<i>Үліңгірдің бойында</i> .....	27
<i>Махаббатқа</i> .....	28
<i>Беймаза түн</i> .....	30
<i>Келмесе қойсын</i> .....	31
<i>Күрсінбе жаным, күрсінбе</i> .....	32
<i>Бала жігіт</i> .....	33
<i>Күдікпен неге қарадым</i> .....	34
<i>Шын сүйгендер қосылмайды</i> .....	36
<i>Ортасында қос ағамның</i> .....	38

<i>Көрші бала</i> .....	40
<i>Сол бір елес</i> .....	42
<i>Бақыт деген сірә не</i> .....	43
<i>Қазақтың қызымын</i> .....	44
<i>Өлең құшып өтейін...</i> .....	45
<i>Бейтаныс бір жігіттің</i> .....	46
<i>Адамдар-ай, әттең</i> .....	47
<i>Жаным менің</i> .....	48
<i>Мұң салмашы</i> .....	49
<i>Менің жырым</i> .....	50
<i>Түсінуің мүмкін бе</i> .....	51
<i>Нағыз қазақ</i> .....	52
<i>Досыма</i> .....	53
<i>Солар бақытты</i> .....	54
<i>Күтемін сені осында</i> .....	55
<i>Маған маза бермей</i> .....	56
<i>Бақида да сүйем мен</i> .....	57
<i>Сен едің ұмыттырған</i> .....	58
<i>Менің туған ауылым</i> .....	59
<i>Мынау аппақ дүние</i> .....	60
<i>Кеше кім едім</i> .....	61
<i>Екеу</i> .....	62
<i>Сағын мені</i> .....	63
<i>Сүйдің мені</i> .....	64
<i>Бақыттымын</i> .....	65
<i>Тағатсыз жан емеспін</i> .....	66
<i>Түсінемін</i> .....	67
<i>Қыздарға</i> .....	68
<i>Күншілге</i> .....	69
<i>Көңілін кімнің табамын</i> .....	70
<i>Ренжітіп алдым ба</i> .....	71
<i>Уландың</i> .....	73

## **ЕРКЕЛЕМ МЕҢІ...**

---

<i>Сері мұң</i> .....	74
<i>Күз бе мынау</i> .....	75
<i>Азаптану</i> .....	76
<i>Көктем қыз</i> .....	77
<i>Алтын Алтай - тұғырым</i> .....	78
<i>Сол менің сағынышым</i> .....	79
<i>Өзіме өкпелімін</i> .....	80
<i>Күреспеген күніме</i> .....	81
<i>Балалыққа сағыныш</i> .....	82
<i>Табиғатқа ғашықпын</i> .....	83
<i>Аулында анамның</i> .....	84
<i>Ғашықтар</i> .....	85
<i>Мақтанышым қазақып</i> .....	86
<i>Күндеріме кектенем</i> .....	87
<i>Аңсап барамын</i> .....	88
<i>Өмірге өкпем жоқ емес</i> .....	89
<i>Күлтелі етім</i> .....	90
<i>Қазағым-ай</i> .....	92
<i>Бейбіт күн</i> .....	93
<i>Ақынға сәлем</i> .....	94
<i>Досқа арнау</i> .....	96
<i>Кешірем</i> .....	97
<i>Атажұртта наурыз</i> .....	98
<i>Еске аласың</i> .....	100
<i>Араздаспа ағайын</i> .....	101
<i>Құрбыма</i> .....	102
<i>Арман</i> .....	103
<i>Түнді көргім келмейді</i> .....	104
<i>Алтай десе</i> .....	105
<i>Телефон бермедің</i> .....	106
<i>Не болған</i> .....	107
<i>Жаралы ақбөкенмін</i> .....	108



**Күлайхан РАХМЕТ**  
**«ЕРКЕЛЕТ МЕНІ...»**

Редакторы – Айжарык Р.  
Техникалық редакторы – Елубек Б.

Басуға 24.09.2018 ж. кол қойылды.  
Көлемі 7 б.т. Қаріп түрі: «Times New Roman».  
Таралымы - 1000. Тапсырыс №3928.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

ISBN 978-601-06-5319-1



9 786010 653191

К/О



*Кұлайхан Рахмет 1987 жылдың 28 мамырында ҚХР Алтай аймағы, Көктоғай ауданы, Көкейбұлақ ауылында туған. Өлеңдері жыр жинақтарға енген, газет-журналдарда жарық көріп тұрады. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің халықаралық журналистика мамандығын тәмамдаған. Алматы қаласында «Түрік әлемі» халықаралық газетінде журналист, Астана қаласында «Түгел» медиа-холдинінде, «Қазанат» және «Қулыным» журналдарында редактордың орынбасары қызметін атқарған. Манап Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде әлеуметтік ғылымдар магистрі мамандығын тәмамдап, қазір осы университетте журналистика кафедрасының оқытушысы.*

